

6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) алу үшін Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызының «Құйрықты сарыарқа тұқымы (Жаңаарқа тип) жаңа заводтық аталық із қойларының өнімділік және тұқымдық қасиеттері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ ПІКІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы негіздеу.

Қазіргі кезеңдегі ең маңызды міндеттердің бірі – қолда бар құйрықты қой тұқымдарының генофондын тиімді пайдалану әдістерін әзірлеу, өнім өндірудің аз шығынды технологиясын меңгеру, сондай-ақ саланың экономикалық көрсеткіштерін жақсартатын қосымша резервтерді іздестіру болып табылады. Бұл мәселені айтарлықтай дәрежеде қолда бар отандық ет-май бағытындағы қылшық жүнді құйрықты қой тұқымдарының генетикалық әлеуетінің ерекше комбинациясын ұтымды пайдалану және осы негізде жоғары ет және жүн өнімділігін құнды бейімделу қасиеттерімен ұштастыратын перспективті популяцияларды құру арқылы шешуге болады. Сондықтан отандық құйрықты қой тұқымдарын одан әрі жетілдіру – зоотехния саласындағы шешуді қажет ететін маңызды мәселелердің бірі.

Осы тұрғыдан алғанда, Сансызбаева Бибігүлдің диссертациялық жұмысы сарыарқа қой тұқымының екі зауыттық аталық ізіндегі селекцияланатын белгілердің аталық із арасындағы айырмашылықтарын зерттеуге арналған, бұл зерттеулердің ғылыми және практикалық маңыздылығын айқындай отырып, жұмыстың өзектілігін анықтайды.

Ғылыми-зерттеу жұмысы ҚР АШМ 042 РББ «АӨК саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» ғылыми жобалары мен бағдарламалары аясында орындалған: 2018-2020 жж. ҚР АШМ №0116РК00359 мемлекеттік тіркеуі «Мал шаруашылығы салалары бойынша селекцияның тиімді әдістерін әзірлеу», ҚР БҒМ ҒТ 2018-2020 жж. 05131896 «Құйрықты қой тұқымдарының генотипін болжау бойынша заманауи селекция әдістерін әзірлеу».

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылымға елеулі үлес қосады.

Құйрықты сарыарқа тұқымы (жаңаарқа тип) жаңа заводтық аталық із қойларының өнімділік және тұқымдық қасиеттерін зерттеу жүргізілді.

Зерттеу жұмыстары жүргізілген қой тұқымдары мыналар: Сарыарқа қой тұқымының (жаңаарқа типі) жаңа аталық іздері.

Зерттеу нәтижесінде Диссертант 3,5 жастағы №2030 және №2145 зауыттық аталық із малдарының селекцияланатын белгілері бойынша белгілі бір топаралық айырмашылықтарды анықтады. Аталық қошқарлардың тірілей салмағы және жүн түсімі мөлшері тиісінше 102,3; 97,5 кг және 3,4; 3,0 кг құрады, ал саулықтарда бұл көрсеткіштер 65,8; 60,8 кг және 2,0; 2,2 кг болды.

Жалпы, әртүрлі аталық іздегі малдардың өнімділік көрсеткіштері тірілей салмақ бойынша стандарт талаптарынан жоғары және элита класының нормативтерінен артық: аталық қошқарларда 8,3-13,6%-ға, саулықтарда 9,5%-ға. №2030 аталық ізіне жататын қозылардың туу кезіндегі тірілей салмағы №2145 аталық ізі құрдастарына қарағанда қошқарда 16,6%-ға, ал ұрғашыларда 5,5%-ға жоғары ($P>0,999$).

4 айлық жасында №2030 аталық із қошқарлары №2145 аталық ізімен салыстырғанда 7,7%-ға, ал ұрғашылары 14,4%-ға ауыр болды ($P>0,999$).

Бақылау сою нәтижелері көрсеткендей, 4-4,5 айлығында №2030 аталық ізіне жататын қошқар жоғары ет өнімділігімен ерекшеленді. Бұл аталық із жататын малдардың сойыс шығымы мен ұша массасы №2145 аталық ізімен салыстырғанда тиісінше 10,5% және 12,1% жоғары болды.

№2030 зауыттық аталық із қозыларында **CAST** генінің аллельдік варианттарының таралуы, ал №2145 аталық іздегі малдарда **KAR6.1** генінің аллельдік нұсқалары анықталып, талданды. №2030 аталық із қозыларының қанында **CAST** генінің болуы олардың №2145 желісімен салыстырғанда тірілей салмағы мен ет өнімділігі бойынша артықшылығын түсіндіреді, ал **KAR6.1_XX** гені №2145 аталық ізі қозыларының №2030 желісінің құрдастарына қарағанда жүн өнімділігі бойынша басымдылығын көрсетеді.

Кешенді бағалау нәтижелері бойынша, ең жоғары үлес салмағы (79,1%) бар қалаулы типтегі ұрғашы қозылар тәжірибелік топтардан – будандастыру арқылы алынған, бұл көрсеткіш таза тұқымды құрдастарымен салыстырғанда 3,8%-ға жоғары болды.

Диссертант жан-жақты салыстырмалы аспектіде екі аталық ізге жататын жануарлардың негізгі генетикалық параметрлерін (тұқымқуалаушылық, қайталанғыштық, корреляциялық байланыс, бисериалды байланыс және т.б.) терең зерттеді. Осы мәселе бойынша алынған зерттеу нәтижелері болашақта сарыарқа қой тұқымын селекциялау бағытын анықтауға және селекция қарқынын арттыруға ықпал етеді.

Маңызды мәлімдемелер нақты, сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталып, пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Ең назар аударатын жағдай докторант осы бағыттағы отандық және әлемдік әдебиеттерге тиімді шолу жасаған.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.

Диссертация бойынша қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа, дәлелді, қолдану деңгейі кең, мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді, мазмұны оның тақырыбын толығымен айқындайды, барлық тараулары мен құрылысы логикалық толық байланыста. Докторант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі кейбір шешімдермен салыстырмалы түрде көрсетілген. Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидалары жаңа болып табылады.

Диссертацияның шешімдері мен қортындылары жаңа, барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды, жалпы жұмыс жарияланған мақалаларда дәлелденген.


Докторанттың жарияланымдарын тізімдеу. Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері бойынша 7 ғылыми басылым жарық көрді, оның ішінде 3 мақала халықаралық Scopus деректері базасына енгізілген жарияланымдарда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған басылымдарда, 1 Құйрықты қой тұқымдарының генотипін болжаудың заманауи әдістерін пайдалану бойынша ұсыныстар (рекомендация) жарияланған.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі. Докторант зерттеу жұмыстарын орындау кезінде барлық іс-шараларға өзі тікелей қатысып, әр өнімдегі қойлардан алынған мәліметтерді әдістемелік нұсқаулықтарға сай орындап, арнайы жазба журналдары мен тиіселі құжаттарына толтырып отырған. Алынған мәліметтерді толықтай статистикалық өңдеуден өткізіп, нәтижелерін диссертацияның бөлімдерінде ашып көрсеткен.

Докторант ғылыми жарияланымдарды дайындауға, рәсімдеуге, оларды отандық және шетелдік басылымдарда жариялауға ұсынуға тікелей қатысты және 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды жүйелі, әрі терең меңгерді.

Қорытынды. Жоғарыда берілген мәліметтерді ескере отырып, Сансызбаева Бибігүл Қуатжжанқызының диссертациялық жұмысын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай келеді, ал ізденуші 6D080200 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші
а.ш.ғ.д., профессор



Ш.Адылканова

профессор Ш.Адылканова қолын растаймын:

